




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ  
Ақпарат, кітапхана және баспа ісі жөніндегі стандарттар жүйесі

ҚАҒАЗ ТАСЫМАЛДАУШЫЛАРДАҒЫ ҚҰЖАТТАР  
Мұрағаттық сақтауға қойылатын  
жалпы техникалық талаптар

ДОКУМЕНТЫ НА БУМАЖНЫХ НОСИТЕЛЯХ  
Общие технические требования  
к архивному хранению

ҚР СТ 1237-2004

Ресми басылым



Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің  
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті  
(Мемстандарт)

Астана



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ**  
**Ақпарат, кітапхана және баспа ісі жөніндегі стандарттар жүйесі**

---

**ҚАҒАЗ ТАСЫМАЛДАУШЫЛАРДАҒЫ ҚҰЖАТТАР**  
**Мұрағаттық сақтауға қойылатын**  
**жалпы техникалық талаптар**

**ҚР СТ 1237-2004**

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің**  
**Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті**  
**(Мемстандарт)**

**Астана**

**АЛҒЫСӨЗ**

1 Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗГЕН**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің 2004 жылғы 5 тамыздағы № 219 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**

**3 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ  
ТЕКСЕРУДІҢ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2009 ЖЫЛ  
5 ЖЫЛ**

4 Осы стандартта “Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы” Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Заңының нормалары мен “Құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтық қоры туралы Ережені бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 мамырдағы № 578 қаулысы жүзеге асырылған.

**5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ**

Осы стандартты Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде қайта шығаруға, көбейтуге және таратуға болмайды.

## Мазмұны

1	Қолдану саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Анықтамалар	1
4	Жалпы ережелер	2
5	Мұрағаттарға қойылатын талаптар	3
5.1	Мұрағат ғимараттарына қойылатын талаптар	3
5.2	Мұрағаттық орын-жайлар құрамы	4
5.3	Мұрағат қоймаларына қойылатын талаптар	5
5.4	Мұрағаттардың зертханалық, өндірістік және басқа орын-жайларына қойылатын талаптар	7
6	Қабылдау және сақтау кезінде құжаттардың физикалық жай-күйін бақылау	8
7	Құжаттарды сақтауға қойылатын талаптар	12
8	Пайдалану кезінде құжаттардың сақталуына қойылатын талаптар	17
9	Орын ауыстыру және тасымалдау кезінде құжаттардың сақталуына қойылатын талаптар	18
А	Қосымшасы: Істер толықтығы мен жай-күйін тексеру парағының үлгісі	20
Б	Қосымшасы: Істер толықтығы мен жай-күйін тексеру актісінің үлгісі	22
В	Қосымшасы: Бақылау-өлшеу приборлары көрсеткіштерін тіркеу журналының үлгісі	26
Г	Қосымшасы: Библиография	27

ҚР СТ 1237-2004

## ҚАҒАЗ ТАСЫМАЛДАУШЫЛАРДАҒЫ ҚҰЖАТТАР

### Мұрағаттық сақтауға қойылатын жалпы техникалық талаптары

---

Енгізілген күні 2005.08.01

#### 1 Қолдану саласы

1.1 Осы стандарт Қазақстан Республикасы заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, қай кезде, қалай жасалғанына қарамастан, мемлекеттік және ведомстволық мұрағатта сақталуға жататын қағаз құжаттарға қатысты қолданылады.

Стандарт талаптары міндетті болып табылады.

1.2 Осы стандартты сондай-ақ заңды тұлғалардың жеке мұрағаттарында да қолдану ұсынылады.

#### 2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттардың сілтемелері пайдаланылды:

ҚР СТ 1037-2001 Іс жүргізу және мұрағат ісі. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 12.1.004-91 ЕКСЖ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.005-88 ЕКСЖ. Жұмыс кеңістігі ауасына қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар.

ГОСТ 7933-75 Қораптық картон. Техникалық шарттар.

#### 3 Анықтамалар

Осы стандартта Қазақстан Республикасы заңдарына [1] және ҚР СТ 1037 терминдер мен анықтамалар сәйкес қолданылады.

---

#### 4 Жалпы ережелер

4.1 Мұрағаттық сақтауға құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері алынады.

Мұрағаттық сақтауға жататын құжаттар қатарына мыналар жатады:

- 1) заң актілері мен өзге де ресми құжаттар;
- 2) басқару құжаттары;
- 3) ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық, технологиялық, патенттік-лицензиялық, картографиялық, геодезиялық, геологиялық, телеметрикалық және басқа да арнайы құжаттар;
- 4) тарих пен мәдениеттің құжаттық жәдігерлері;
- 5) жеке тектік құжаттар;
- 6) Қазақстан Республикасының меншігіне келіп түскен өзге де құжаттар;
- 7) жеке құрам бойынша құжаттар.

4.2 Құжаттарды мұрағаттық сақтау ісі арнайы салынған ғимараттарда немесе ыңғайластырылған орындарда (ғимараттың жекелеген бөлмелерінде) жүзеге асырылады.

4.3 Мұрағаттық құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жүргізілуге тиісті шаралар:

- құжаттардың физикалық жай-күйін бағалау және бақылау;
- құжаттарды сақтауға дайындау жөніндегі шаралар кешені;
- сақтаудың қолайлы жағдайын жасау және оны бірқалыпты ұстау (температуралық-ылғалдылық, жарық, санитарлық-гигиеналық режимдер);
- құжаттарды мұрағат қоймаларына тиімділікпен орналастыру;
- пайдалану мен тасымалдау кездерінде құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешені.

4.4 Қабылданатын және сақталатын құжаттардың физикалық жай-күйін бағалау мен бақылау залалданған және бүлінген құжаттарды анықтау, есепке алу, арнайы өңдеуден өткізу және қалпына келтіру мақсатында жүзеге асырылады.

4.5 Құжаттарды сақтауға дайындау жөніндегі шаралар кешеніне санитарлық-гигиеналық өңдеу, жерсіндіру, шаңынан арылту, қалпына келтіру және жаңғырту жұмыстары енеді.

Санитарлық-гигиеналық өңдеу ісі құжаттардың жасалу және сақталу кездерінде пайда болған химиялық және биологиялық негіздегі ақауларды одан әрі өріс алдырмай тоқтату мақсатында жүргізіледі, және құжаттарды арнайы химиялық препараттардың судағы немесе спирттегі қосындыларымен өңдеуден тұрады.

Жерсіндіру ісі құжаттарды температуралық-ылғалдылық режиміне бейімдеу, шаңынан арылту – шаңнан тазарту мақсатында жүргізіледі.

Негізі мен (немесе) мәтінінде ақауы бар құжаттарды қалпына келтіру және жаңғырту ісі құжаттардың құрамын өз орнына келтіру және жақсарту мақсатында жүзеге асырылады.

4.6 Аса құнды құжаттарды және тарих пен мәдениеттің құжаттық жәдігерлерін мұрағаттық сақтау осы стандартқа және белгіленген тәртіп бойынша қабылданған (бекітілген) нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

## **5 Мұрағатқа қойылатын талаптар**

### **5.1 Мұрағат ғимараттарына қойылатын талаптар**

5.1.1 Мұрағат ғимараттары құрылыстағы негізгі конструкциялардың ұзақ мерзімге шыдамдылығы мен отқа төзімділігін қамтамасыз ететін техникалық талаптарға сәйкес болуы керек (екінші деңгейдегі отқа төзімділік, “В” санатындағы өрт қауіптілігі).

5.1.2 Мемлекеттік мұрағаттарды жобалау, құрылысын салу және қайта қалпына келтіру ісі Қазақстан Республикасы мұрағаттар мен құжаттама басқармасы мемлекеттік өкілетті органдарының және тиісті жергілікті өкілетті органдардың келісімімен арнайы нормативтік және жобалау құжаттамасы мен осы стандарт талаптарына сәйкес атқарылады.

5.1.3 Мемлекеттік мұрағаттарды ыңғайластырылған ғимараттар мен орындарға жайғастыру ісі өрттен қорғау, күзет, экология, құрылыс, санитарлық –эпидемиялық және басқа арнайы қызмет орындары өкілдері сараптамаларынан кейін мұрағаттар мен құжаттама басқармасының тиісті өкілетті органдарымен келісе отырып жүргізіледі.

5.1.4 Аса ескі үйлерді, ағаштан, каркас пен қамыстан, қам кірпішпен жасалған құрылыстарды, іргесі сызданған ғимараттарды, жертөле, шатыр жайларын, сондай-ақ ауасы табиғи түрде алмасып тұрмайтын орындарды пайдалануға беруге рұқсат етілмейді.

5.1.5 Құжаттарды сақтауға ыңғайластырылған ғимараттарда мұрағат жайлары бөлектелінуі керек.

Азық-түлік қоймалары бар қоғамдық тамақтандыру қызметі жайғасқан, тез жанатын және агрессивті заттар сақтайтын немесе химиялық, өрт шығу қаупі бар технологияларды қолданатын ұйымдар орналасқан ғимарат жайларына құжаттар сақтауға рұқсат етілмейді.



## ҚР СТ 1237- 2004

5.1.6 Мұрағат ғимараттарын жобалау, салу және пайдалануға беру ісі ГОСТ 12.1.004 талаптарына, құрылыс нормалары мен ережелеріне [2], [3], Қазақстан Республикасындағы Өрт қауіпсіздігі ережесіне [4], жұмыс қауіпсіздігін бақылайтын мемлекеттік органдар бекіткен өзге де нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

5.1.7 Мұрағат ғимараттарында өрт қауіпсіздігі өрттің алдын алатын және өрттен қорғайтын жабдықтардың қазіргі заманғы жүйелері арқылы қамтамасыз етіледі.

5.1.8 Мұрағат ғимараттары күзет дабылдарымен жабдықталып, төменгі қабаттағы терезелерге ашылмалы темір торлар қойылады.

5.1.9 Мұрағат ғимараттары ауаны шаңмен, зиянды газдармен ластайтын өнеркәсіптік орындардан, сондай-ақ өрт шығу қаупі бар нысандардан аулақ орналасуы тиіс. Таңдалған орынның мұрағат ғимараты орналасуға жарамды не жарамсыздығын санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметі мен өрт қауіпсіздігі қызметі анықтайды.

5.1.10 Мұрағат ғимараттары орналасқан маңда атмосфералық ауадағы зиянды заттардың тәуліктік орташа құрамы рұқсат етілетін концентрациялар мөлшерінен (РКМ) аспауы тиіс: күкіртті сутегі – 0,008 мг/м<sup>3</sup>; хлор – 0,003 мг/м<sup>3</sup>; күкіртқышқыл газы – 0,05 мг/м<sup>3</sup>; азот тотығы – 0,085 мг/м<sup>3</sup>; күкірт қышқылы – 0,1 мг/м<sup>3</sup>; силикат шаңы – 0,05 мг/м<sup>3</sup>.

### 5.2 Мұрағаттық орын-жайлар құрамы

5.2.1 Мұрағат ғимараты (ғимараттар тобы) құжаттарды қабылдауға, сақтауға, өңдеуге, пайдалануға арналған негізгі мақсаттағы орын-жайлардың, сондай-ақ әкімшілік-шаруашылық, техникалық, тұрмыстық сипаттағы міндеттерді атқаруға арналған қосымша жайлардың кешені түрінде болуға тиіс.

5.2.2 Негізгі мақсаттағы орын-жайлар, олардың орналасуы, жабдықталуы функционалдық бөлімшелердің өзара тиімді қызмет атқаруын, жұмыстың барлық учаскесінде құжаттардың сақталуын, еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария мен жұмыс процедуралары талаптарының орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

5.2.3 Негізгі мақсаттағы орын-жайларға жататындар:

- мұрағат қоймалары;
- зертханалық орын-жайлар (құжаттарды бөлектеу, залалсыздандыру және дәрілеу орын-жайлары; құжаттарды шаңнан арылту, түптеу, қалпына келтіру орын-жайлары; құжаттарды жаңғыртуға (компьютерлік

технологиямен және басқалармен шағын-, ксеро-, фотокөшірмелер, фотоөңдеу жасауға) арналған орын-жайлар);

- өндірістік орын-жайлар (құжаттарды қабылдау, уақытша сақтау, жерсіндіру орын-жайлары; мұрағат қызметкерлерінің жұмыс бөлмелері; есептік құжаттар мен ғылыми-анықтамалық аппараттарды сақтауға арналған орын-жайлар; оқу залы кешені);

- басқа орын-жайлар (ғылыми-анықтамалық кітапхана; әдістемелік кабинет; көрме залы).

### **5.3 Мұрағат қоймаларына қойылатын талаптар**

5.3.1 Мұрағат қоймалары мұрағаттың зертханалық, өндірістік және басқа да орын-жайларынан мейлінше аулақ болуы, желдеткіш жүйелерінің олармен ортақ болмауы тиіс. Мұрағат қоймалары іргелес жайлардан отқа төзімді қабырғалармен және отқа төзімділігі кем дегенде екі сағатқа жететін бөлгіш қабырғалармен бөлектелуге тиіс.

5.3.2 Мұрағат қоймалары мен кез келген мақсаттағы жұмыс бөлмелерін біріктіруге жол берілмейді.

5.3.3 Мұрағат қоймаларын жылытылмайтын, сыз, лайықталмаған орын-жайлармен, сондай-ақ пешпен жылынатын бөлмелермен қосуға рұқсат етілмейді.

5.3.4 Мұрағат қоймаларының табиғи немесе жасанды желдеткіштері болуы, ауаны зиянды заттардан тазартып, қалыпты температуралық-ылғалдылық режимін ұстап тұру үшін 2-3 мәрте ауа алмасуын қамтамасыз ететін қалаулеп жүйелермен жабдықталуы тиіс.

5.3.5 Мұрағат қоймасы қабырғаларының, төбелерінің, едендерінің, ішкі металл бөліктерінің беткі қабаттары, сондай-ақ құжаттарды әзірлеу кезінде қолданылатын жабдықтар мен оларды сақтау кезінде пайдаланылатын құралдар шаң жинамауы, шаңның немесе агрессивті химиялық заттардың көзіне айналмауы тиіс.

5.3.6 Мұрағат қоймаларынан су, канализация және газ құбырларын өткізуге рұқсат етілмейді.

5.3.7 Мұрағат қоймаларының орын-жайларындағы электр өткізгіштері қабырғаларға ендірілген, тасымалды аппаратуралардың (шаңсорғыш, шам және т.б.) штепсельді розеткалары – қымталған болуы шарт. Тасымалды аппаратуралар шнурларының резина қорғанышы болуға тиіс. Мұрағат қоймалары ортақ және әрбір қабатқа арналған жеке-жеке электрлік қосып-ажыратқыштармен (рубильниктермен) жабдықталады. Электрлік қосып-ажыратқыштар, таратқыш электр қалқаншалары (электрощиттер) және электрлік алдынала сақтандырғыштар (предохранительдер) мұрағат қоймасының

сыртына орналастырылады. Мұрағат қоймасында жұмыс аяқталған соң аппаратуралар, электр розеткалары біртіндеп токтан ажыратылады.

5.3.8 Өрт сөндіргіш жүйелер мен құралдарға құжаттар үшін қауіпсіз, бейтарап заттар (фреон, көмірқышқылы және т.б.) қолданылады. Тасымалды өртсөндіргіш қондырғылардың саны мен оларды орналастыратын орындар өртке қарсы қызметте қолданылып жүрген нормативтерге сәйкес белгіленеді.

5.3.9 Мұрағат қоймаларының орын-жайларында лифтілер мен баспалдақ алаңшаларына шығатын эвакуацияға қолайлы есіктері болуы шарт.

5.3.10 Мұрағат қоймасының биіктігі құжаттар сақтауға арналған жабдықтардың төменгі бөлігінен есептегенде 2,25 м-ден кем болмауы қажет.

5.3.11 Мұрағат қоймасы тұрақты немесе жылжымалы металл стеллаждармен жабдыкталуы тиіс. Ағаштан және құрама материалдардан жасалған қолданыстағы стеллаждар оттан қорғайтын заттармен өңделсе пайдалана беруге болады.

Металл шкафтар, сейфтер, шкаф-стеллаждар, сондай-ақ металдан жасалған аралық бөлгіштері мен сөрелері бар тұрақты бөлік-бокстар сақтаудың қосымша және арнайы құралдары ретінде пайдаланылуы мүмкін.

5.3.12 Табиғи жарық пайдаланылатын мұрағат қоймаларында стеллаждар мен шкафтар терезесі бар қабырғаға перпендикуляр орналастырылады, терезесі жоқ мұрағат қоймаларында стеллаждар мен шкафтар орын-жайдың ерекшелігіне, жабдықтың конструкциясы мен оны орналастыру нормасына сәйкес қойылады.

5.3.13 Тұрақты стеллаждар мен шкафтар мұрағат қоймаларына жабдықтарды орналастырудың мынадай нормаларына сәйкес жайғастырылады:

- стеллаждар немесе шкафтар қатар аралық (негізгі өткелек) – 120 см;
- стеллаждар (шкафтар) аралығы (өткелек) – 75 см.
- ғимараттың сырт жақ қабырғасы мен оған параллель тұрған стеллажға (шкафқа) дейінгі аралық – 75 см;
- қабырға мен стеллаж не шкаф бүйіріне дейінгі аралық (айналма) – 45 см;
- стеллаждың не шкафтың төменгі сөресі мен еден аралығы – 15 см-ден, ал ғимараттың астыңғы қосалқы қабаттарында – 30 см-ден кем болмауы тиіс.

- суырылмалы жәшіктері бар сейфтер мен шкафтар аралықтары (өткелдер) қолданылатын жабдықтардың ерекшеліктеріне қарай есептеледі.

5.3.14 Құжаттар сақтауға арналған стеллаждар мен шкафтарды ғимараттың сырт жақ қабырғаларына және жылу көздеріне тақап орналастыруға болмайды.

#### 5.4 Мұрағаттардың зертханалық, өндірістік және басқа орын-жайларына қойылатын талаптар

5.4.1 Құжаттарды қабылдауға, уақытша сақтауға және жерсіндіруге арналған орын-жайлар ғимараттың бірінші немесе төменгі қосалқы қабаттарында болуы керек.

5.4.2 Құжаттарды арнайы өндеуден өткізуге (шаңынан тазарту, қалпына келтіру, залалсыздандыру, дәрілеу) және жаңғыртуға (шағынфильм жасауға, электрофотокөшірмелерін алуға, фотоөндеуге, сканерлеуге) арналған зертханалық және өндірістік орын-жайлар жекелеген учаскелердің технологиялық өзара байланыстарын есепке ала отырып белгіленуі және мынадай талаптарға жауап беретін болуы шарт:

5.4.2.1 Зертханалық және өндірістік орын-жайлар қойма жайларынан мейлінше аулақта болуы және желдеткіш жүйелері олармен ортақ болмауы тиіс.

5.4.2.2 Құжаттарды арнайы өндеуден өткізуге және жаңғыртуға арналған орын-жайлар су арқылы жылыту орталығымен, ыстық, суық су жүйелерімен, ортақ ағынды-тартқыш желдеткіштермен жабдықталуы және жекелеген технологиялық нүктелердің (жуу раковиналарының, кергіш және құрғатқыш шкафтардың, қуатты жарық көздерінің, шаңнан тазартатын шкафтар мен үстелдердің және т.б.) жергілікті ауа сорғыш қондырғылары болуы шарт.

5.4.2.3 Технологиялық жабдықтар нөлдік фазасы мен жерге жалғанатын қондырғысы бар қуаттық электр желілерімен қамтамасыз етілген болуы қажет. Фотозертханалардың қараңғы бөлмелеріне, кергіш шкафтарға, реставрациялық столдарға, залалсыздандыратын және дәрілейтін жайларға электр желілерін жүргізу сызды орындарға арналған нормалар мен ережелерге сай атқарылуы тиіс.

5.4.2.4 Зертханалық және өндірістік орын-жайлар ауасындағы зиянды қосылыстар (РКМ) құрамы ГО 12.1.005 нормативтерінен, соның ішінде: аммиак – 20 мг/м<sup>3</sup>; ацетон – 200 мг/м<sup>3</sup>; бензин – 300 мг/м<sup>3</sup>; бензол – 5 мг/м<sup>3</sup>; дихлорэтан – 10 мг/м<sup>3</sup>; ксилол (толуол) – 50

## **ҚР СТ 1237- 2004**

мг/м<sup>3</sup>; озон – 0,1 мг/м<sup>3</sup>; күкірт қышқылы – 1 мг/м<sup>3</sup>; сірке қышқылы – 5 мг/м<sup>3</sup>; фенол – 0,3 мг/м<sup>3</sup>; формальдегид – 0,5 мг/м<sup>3</sup> мөлшерінен аспауы тиіс.

5.4.2.5 Залалсыздандыру және дәрілеу, сондай-ақ шаңнан тазарту учаскелерін мұрағаттың өзге бөлімшелерімен бір орын-жай дәрежесінде біріктіруге, қосуға болмайды.

5.4.2.6 Құжаттарды шағынфильмдеу және қалпына келтіру жөнінде бірнеше мұрағатқа қызмет көрсететін орталық (аймақтық) зертханалары бар мұрағаттарда залалсыздандырылуға және дәрілеуге орын-жайлар бөлу қарастырылмаған. Мұндай мұрағаттарда құжаттарды шаңнан тазартуға арналған орын-жайлар, жеңілдетілген технология бойынша жұмыс істейтін қалпына келтіру және жаңғырту учаскелері орналасады. Биологиялық зиянкестермен залалданған құжаттар арнаулы орын-жайларға (оқшау бөлмеге) беріліп, бөлектеледі.

5.4.3 Оқу залы кешені мынадай негізгі учаскелерден тұрады:

- құжаттармен жұмыс;
- құжаттарды пайдаланушыларға беру;
- ақпараттық-ізвестіру жүйесі;
- құжаттарды пайдалану кезеңінде уақытша сақтау.

5.4.3.1 Оқу залы учаскелеріне бөлінетін орын-жайлардың көлемі мұрағаттың, сақталатын құжаттардың және оларды пайдаланудың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып белгіленеді.

5.4.3.2 Оқу залын орналастырғанда құжаттарды жеткізу жолдары да ескерілуі қажет. Құжаттарды уақытша сақтайтын орын оқу залынан бөлектелінуі тиіс.

5.4.3.3 Құжаттарды пайдалану жөніндегі жұмыс көлемі шағын болған жағдайда оқу залындағы барлық учаскелердің функцияларын бір орын-жайға жинақтауға немесе мұрағаттың қандай да бір орын-жайын пайдаланушылардың жұмыс істеуіне арнап бөлуге болады.

## **6 Қабылдау және сақтау кезінде құжаттардың физикалық жай-күйін бақылау**

### **6.1 Жалпы талаптар**

6.1.1 Мұрағатқа келіп түскен құжаттарды тасымал қораптарынан (жәшіктерден, қағаздардан және т.б.) босатып, қабылдау және уақытша сақтау орын-жайына, ондағы стеллаждарға немесе

үстелдерге жайғастырады. Құжаттарды реттелмеген күйінде, әсіресе тасымал қораптарынан шығармастан жиып қоюға болмайды. Тасымал қораптары мұрағат ғимаратынан шығарып тасталуы керек.

6.1.2 Істерде немесе қораптарда жүрген барлық бөгде заттар: қатырма, металл қаттамалар, салмалар, бөлгіштер, қыстырғыштар, және басқа да қосалқы нәрселер алынып тасталуы керек.

6.1.3 Құжаттардың физикалық жай-күйін тексеру оларды мұрағаттық сақтауға қабылдау ісімен бір мезгілде қатар, ал сақтау процесі кездерінде белгіленген мерзімдерге сәйкес жүргізілуі тиіс.

6.2 Құжаттардың физикалық жай-күйі олардың сақталу деңгейіне және негіздері мен мәтіндерінің бүлінуіне тән белгілердің бар-жоқтығына қарай көзбен бағаланады.

6.3 Құжаттардың физикалық жай-күйлерін тексеру барысында мыналар анықталады:

- биологиялық зиянкестермен (зең, жәндіктер) залалданған құжаттар;
- жоғары дәрежеде ылғалдылық белгілері бар құжаттар;
- негіздері мен (немесе) мәтіндері бүлінген құжаттар;
- шаң басқан құжаттар.

6.3.1 Биологиялық зиянкестермен залалданған құжаттарды, бөлектеу шараларын қолдана отырып, тез арада санитарлық-гигиеналық өңдеуге (залалсыздандыру, дөрілеу) жібереді.

6.4 Құжаттардың физикалық жай-күйлеріне баға беру нәтижелері бойынша А және Б қосымшаларына сәйкес істер толықтығы мен жай-күйін тексеру парағы мен актісі жасалады және қажет болған жағдайда мынадай бақылау-алдын алу шаралар кешені жүргізіледі:

- санитарлық-гигиеналық өңдеу;
- жерсіндіру;
- шаңнан тазарту.

6.5 Санитарлық-гигиеналық өңдеу

6.5.1 Құжаттарғы санитарлық-гигиеналық өңдеу іріктеп алу жолымен немесе тұтас жүргізілуі мүмкін.

Құжаттарды іріктеп алып өңдеу жекелеген құжаттардың зеңденуі білінгенде атқарылады.

Құжаттарды тұтас санитарлық-гигиеналық өңдеуден өткізу жаппай зеңдену байқалғанда немесе құжаттардың жәндіктермен залалданғандығы анықталған кезде жүзеге асырылады.

## ҚР СТ 1237- 2004

6.5.2 Құжаттарды санитарлық-гигиеналық өңдеу ісі Қазақстан Республикасында рұқсат етілген құралдар арқылы атқарылады.

### 6.6 Жерсіндіру

#### 6.6.1 Жерсіндіруге жататындар:

-су тиіп (құжаттардың су астында қалу, өртті сумен өшіру және т.б. күтпеген жағдайларда су тартуы) жоғары дәрежеде дымқылданған (1 топ) құжаттар;

-өткінші жауын-шашын тиіп немесе ауа ылғалдылығы 80% - 100%-ке дейін болатын сыз жайларда ұзақ сақталып орта дәрежеде дымқылданған (2 топ) құжаттар;

-аса ылғалды ауа-райының қысқа мерзімдік әсерінен (жаңбырлы, тұманды күндері жабық көлік ішінде бір тәуліктен аспайтын уақытқа дейін тасымалда болуы) төменгі дәрежеде дымқылданған құжаттар (3 топ).

6.6.2 Құжаттарды жерсіндіру жұмыс істеп тұрған желдеткіш қондырғылары бар немесе жел қақтыруға қолайлы орын-жайларда жүргізіледі.

6.6.3 1-ші топтағы құжаттар ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 20 %-тен 40 %-ке дейін температурасы 25-тен 35 °С дейінгі орын-жайларда ашылған немесе ілінген күйде кем дегенде он тәулік жерсіндіріледі. Сонымен қатар жерсіндіру мерзімі ішінде мынадай рәсімдер атқару ұсынылады: су сорғыш қағаздармен артық ылғалдан арылту, құжаттарды 30-дан 40 °С дейінгі жылы ауамен үрлеу, кептірудің вакуумдық әдістерін пайдалану.

6.6.4 2-ші топтағы құжаттар ауаның салыстырмалды ылғалдылығы 30 %-тен 40 %-ке дейін, температурасы 15-тен 25 °С дейінгі орын-жайларда кем дегенде үш тәулік жерсіндіріледі.

6.6.5 3-ші топтағы құжаттар ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 30 %-тен 60 %-ке дейін, температурасы 18-ден 25 °С дейінгі орын-жайларда кем дегенде бір тәулік (ашылған күйде) немесе екі тәулік (текшеленіп) бейімделеді.

6.6.6 Минустік температурада 1-5 сағат бойы тасымалданған құжаттар 3-ші топтағы құжаттар үшін, бір тәуліктен артық минустік температурада 2-ші топтағы құжаттар үшін қарастырылған жағдайда текшеленіп жерсіндірілуі қажет.

6.6.7 Негіздері мен мәтіндерінде бүліну белгілері жоқ құжаттар уақытша профилактикалық мақсатта сақтау үшін қарастырылған жағдайларға сәйкес сақталады.

## 6.7 Шаңнан тазарту

6.7.1 Мұрағатқа келіп түскен құжаттар олардың шаң басу деңгейіне қарай тазалауға (шаңынан арылтуға) беріледі.

Шаңнан тазарту тиісті орын-жайларда керме шкафтарды пайдалану арқылы санитарлық және гигиеналық шараларды сақтай отырып жүргізіледі.

Түптелген құжаттардың қораптары, папкалары, мұқабалары және түптері міндетті түрде шаңнан тазартылуы тиіс. Шаң басуы мен ластануы жоғары дәрежедегі, көне зең іздері т.б. бар құжаттар парақтай отырып тазартылады.

6.7.2 Шаңданып, ылғалданған құжаттар алдымен 6.6.1 талаптарына сәйкес жерсіндіріледі де, сонан соң барып шаңынан тазартылады.

Құжаттарды шаңнан тазартқан кезде операциялардың мынадай технологиялық реттілігін сақтау қажет:

-биологиялық жәндіктермен залалданып, ылғалданған бірінші топтағы құжаттарды сорғыш қағаздар арқылы артық ылғалынан арылтады да, сонан соң барып залалсыздандырады, кептіреді және шаңынан тазартады;

-биологиялық жәндіктермен залалданып, ылғалданған екінші және үшінші топтағы құжаттар ретімен залалсыздандырылады, кептіріледі, шаңынан арылтылады.

6.7.3 Биологиялық жәндіктермен залалданып, шаң басқан құрғақ құжаттар залалсыздандырылған (дәріленген) соң барып шаңынан тазартылады.

## 6.8 Құжаттарды қалпына келтіру және жаңғырту

6.8.1 Негіздері мен мәтіндерінде бүліну белгілері бар құжаттар мұрағатта сақталатын құжаттарға арналып белгіленген кезектілік реті бойынша қалпына келтіріледі немесе өше бастаған мәтіндері жаңғыртылады.

Құжаттарды кезектен тыс өңдеу туралы шешім олардың құндылығын, физикалық жай-күйін және зертхананың өндірістік мүмкіндіктерін есепке ала отырып қабылданады.

6.8.2 Мәтіндері өшіп бара жатқан құжаттар оларды сақтап қалу үшін қалпына келтіруге тапсырылады. Мәтіні бір нәрсе шашырап, жағылып, әріптері, жолдары, абзацтары көрінбей қалған, таңба түсіп, ылғал тиіп, әлдене жапсырылып белгілі бір тұстары өше бастаған құжаттар қалпына келтіруге бірінші кезекте тапсырылуы тиіс.



6.8.3 Мәтіндері бүлінген, өшіп кеткен, әріптері нашар көрінетін құжаттар ақпаратты сақтау үшін компьютерлік технология көмегімен жаңғыртуға беріледі.

6.9 Құжаттардың физикалық қасиеттерін ескере отырып технологиялық операциялардың жалпы реттілігі мен залалсыздандыруда (дәрілеуде) қолданылатын әдістерді өзгертуге болады.

6.10 Залалсыздандыруды (дәрілеуді) немесе жерсіндіруді қажет етпейтін құжаттар шаңынан тазартылған соң мұрағат қоймаларына беріледі.

6.11 Биологиялық жәндіктермен залалданған құжаттарды санитарлық-гигиеналық өңдеуден өткізіп, Ылғалданған құжаттарды алдынала жерсіндіріп алмайынша оларды мұрағат қоймаларына тапсыруға рұқсат етілмейді.

## **7 Құжаттарды сақтауға қойылатын талаптар**

7.1 Құжаттарды сақтау 5.3 талаптарына жауап бере алатын мұрағат қоймалары орын-жайларында жүзеге асырылады.

Бір мұрағат қоймасында қағаз негізді және үлдір негізді құжаттарды, соның ішінде сақтық қор мен пайдалану қоры көшірмелерін бірге сақтауға рұқсат етілмейді.

7.2 Мұрағаттық сақтауға жататын құжаттар қақпақты картон қораптарға салынуы керек. Қорап жасалатын картондар ГОСТ 7933 талаптарына сәйкес болуы тиіс. Жеке тектік құжаттарды клапанды папкаларға салуға болады.

Қораптау құжаттардың жарықтан, шаңнан және механикалық бүлінуден қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс.

7.3 Қораптарға нығыздалмай салынған А 3 форматты және одан да үлкен жұмсақ мұқабалы не мұқабасыз құжаттарды көлбеу (горизонталь) қалыпта сақтау ұсынылады. Ірі форматты құжаттар (архитектуралық жоспарлар, сызбалар, карталар, плакаттар, афишалар және т.б.) папкаларға салынып, арнайы шкафтарда сақталуы тиіс. Құжаттарды шиыршықтап рулон қалпында диаметрі 10 см-ден аспайтын қынапқа салып сақтауға болады.

Қатты мұқабалы құжаттарды тікесінен қойып сақтайды.

7.4 Қораптардың стеллаждар (шкафтар) сөрелеріне жайғасуы және қорапқа салынған құжаттардың тығыздығы олардың орнын

ауыстырғанда, құжаттарды алып, орнына қайта салғанда кедергі болмауын қамтамасыз етуі керек.

7.5 Ауа алмасылуын қамтамасыз ету үшін стеллаж сәресі мен қораптың жоғарғы қақпағы арасындағы бос кеңістік 5 см-ден кем болмауы керек.

7.6 Мұрағат қоймасының орын-жайларында құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін белгіленген температуралық-ылғалдылық, жарық, санитарлық-гигиеналық режімдер сақталуы қажет.

#### 7.7 Температуралық-ылғалдылық режімі

7.7.1 Мұрағат қоймаларындағы орын-жайларда қолайлы температуралық-ылғалдылық режімі: 17-ден 19°C дейінгі температурада, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 50 %-тен 55 %-ке дейінгі мөлшерде сақталып отыруы қажет.

Ауасы реттелетін орын-жайларда температуралық-ылғалдылық режімі қалаулеп жүйелері арқылы; ауасы реттелмейтін орын-жайларда – ауаны ылғалдаудың немесе құрғатудың техникалық әдістері бойынша, сондай-ақ мұрағат қоймасын желдету және (немесе) жылыту жолдарымен қалыпқа келтіріліп отыруы қажет. Көрсетілген шаралар бақылау-өлшеу приборларының көрсеткіштері негізінде жүргізілуі тиіс.

7.7.2 Мұрағат қоймасы орын-жайларында ауа температурасы мен ылғалдылығының күрт өзгеруіне жол беруге болмайды. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-ке және одан да көп мөлшерге дейін көтеріліп, сақтау режімі ұзақ уақыт бойы жиі-жиі бұзылып келген болса, мұрағат қоймасын құрғатып, құжаттарды кептіру арқылы температуралық-ылғалдылық режімі қалыпқа түсіріледі.

7.7.3 Орын-жайды су басып, құжаттардың ылғал тартуына әкеліп соқтыратын апатты жәйттерге байланысты сақтау режімі бұзылған кездерде апат себептері мен оның салдарларын жою, мұрағат қоймасын құрғату және құжаттарды кептіру жөнінде шұғыл шаралар қолданылады.

#### 7.8 Жарық режімі

7.8.1 Құжаттар қараңғы жерде сақталуы керек. Бұл талап құжаттарды жабық қораптар мен (немесе) папкаларда, стеллаждар мен (немесе) шкафтарда сақтау арқылы, сондай-ақ белгіленген жарық режімі бойынша жүзеге асырылады.

## ҚР СТ 1237- 2004

7.8.2 Мұрағат қоймаларына жарық табиғи жолмен түсірілуі немесе жасанды жолмен берілуі мүмкін; құжаттарды терезелі де, терезесіз де орын-жайларға жайғастыруға болады.

Арнаулы және ыңғайластырылған ғимараттарда орналасқан мұрағат қоймаларының терезелері теріскей жағында болғаны (жылу бірдей тарайтын жағдайда) жөн.

7.8.3 Табиғи жарықты терезелерге жарық сейілткіштер, сәуле ағынын автоматты реттегіштер, қорғаныш сүзгілер, жалюзилер, шымылдақтар, әйнек бетіне жапсырылатын перделер қолдану арқылы көлегейлеп қана түсіруге болады.

Мұрағат қоймасына күн жарығының тікелей түспеуі шарт.

Құжаттарды жарық әсерінен қорғау мәселесі тек мұрағат қоймаларында ғана емес, орын-жайлардың бәрінде де, құжаттармен жұмыс жүргізудің барлық түріне қатысты да қарастырылуы керек.

7.8.4 Мұрағат қоймаларына жасанды жолмен жарық беру үшін сырт жағы тегіс жабық плафондарға салынған лампалар қолданылуы қажет. АЛ(ЛБ), САЛ (ЛХБ), ЖАЛ (ЛТБ) типіндегі жарық сәулелері ультракүлгін бөліктерге бөлінген люминесцентті лампалар қолдануға болады.

Тасымалды шырағандардың қалпақша қорғаныш шынысы және металл торлары болуы қажет.

7.8.5 Көрініс спектрі диапазонындағы жарықтану деңгейі: стеллаждың еденнен 1 м биіктіктегі жоғарғы бөлігінде – 20-30 лк аралығында, жұмыс столдарында – 100 лк-дан аспауы керек.

### 7.9 Санитарлық-гигиеналық режим

7.9.1 Мұрағат қоймаларының орын-жайлары таза, жәндіктердің, кеміргіштердің пайда болуына, зеңденуге, шаңның жиналуына жол берілмейтін жағдайда болуы қажет.

Мұрағат қоймаларының орын-жайлары жүйелі түрде ылғалды тазартудан өткізіліп тұруы керек. Стеллаждарды, шкафтарды, сақтау құралдарын (қораптарды, папкаларды) кем дегенде жылына бір рет шаңсорғыштар арқылы шаңынан тазартып тұру шарт. Мұнымен қоса стеллаждардың төменгі бөліктері, едендер, ірге бастырғылар, терезенің астыңғы жақтаулары формалиннің 2 %-тік судағы ерітіндісімен немесе АБ катаминінің 4-5 %-тік судағы ерітіндісімен сүртілуі тиіс.

7.9.2 Мұрағат қоймаларында от, электрқызырғыш құралдарымен, агрессивті химиялық заттар қолданып жұмыс істеуге, сондай-ақ

темекі тартуға, сырт киіммен, су, лас аяқ киіммен енуге, сөмкелерді, портфелдерді және басқа бөгде заттарды, тағамдық өнімдерді сақтауға және тамақ ішуге тыйым салынады.

7.9.3 Мұрағат қоймалары орын-жайларында санитарлық-гигиеналық мақсатпен улы химикаттар және антисептиктер қолдану үшін санитарлық-эпидемиялық ұйымдардың келісімі қажет.

Бұл жұмыстар техникалық және өрт қауіпсіздіктері ережелері мен құжаттардың сақталуын қамтамасыз ете отырып жүргізілуі тиіс.

7.9.4 Мұрағат қоймалары орын-жайларында санитарлық-биологиялық жағынан қауіп туғызатын тымырсық микроклиматтың қалыптасуына жол бермейтіндей дәрежеде ауа еркін алмасып тұруы шарт.

Құжаттарды еденде, терезенің астыңғы жақтауларында, үйінділер арасында сақтауға болмайды.

7.9.5 Мұрағат орын-жайларындағы жылдың жылы мезгілдерінде ашылатын терезелерге қорғаныш тор қойылуы керек. Тор ұяларының диаметрі 0,5 мм-ден аспауы тиіс. Мұрағат қоймаларының қабырғаларындағы, төбелеріндегі, едендеріндегі желдеткіш саңылаулар мен желдеткіш жүйелеріндегі сыртқы саңылауларға да қорғаныш торлары қойылады.

7.9.6 Жәндіктердің пайда болуы мен зенденудің алдын алу, оларды дер кезінде анықтау мақсатында құжаттарды (іріктеп) және мұрағат қоймаларының орын-жайларын жылына екі рет (жылу маусымының басы мен аяғында) міндетті түрде көзбен көріп тексеру жүргізу қажет.

7.9.7 Мұрағат қоймаларынан жәндіктер шықса құжаттарды, сақтау құралдарын, орын-жайларды өндеуден өткізу жөнінде шұғыл шаралар қолданылуы керек.

7.9.8 Зенденген немесе жәндіктер түскен құжаттар бөлектеліп, залалсыздандырылуға немесе дәрілеуге беріледі. Құжаттарды бөлектеу үшін қағазға немесе үлдірге орап, жеке жайға (оқшау бөлмеге) қояды.

7.9.9 Зенденген құжаттар тұрған стеллаждар мен шкафтар Қазақстан Республикасында рұқсат етілген құралдармен залалсыздандырылып, құрғатылады.

7.9.10 Мұрағат қоймаларының орын-жайларын жергілікті дәрілеу ісі едендерді, ірге бастырғыларды, терезелерді, терезелердің астыңғы жақтауларын, қабырғалардың 1,5 м биіктікке дейінгі бөліктерін Қазақстан Республикасында рұқсат етілген инсектицидтермен өңдеу жолы арқылы жүргізіледі.

Бұл препараттармен құжаттарды өндеуге болмайды.

7.9.11 Құжаттар жаппай залалданған жағдайда мұрағат қоймалары орын-жайларын және ондағы құжаттарды жалпы залалсыздандыру және дәрілеу шараларын қолдану санитарлық-

## ҚР СТ 1237- 2004

эпидемиологиялық сараптау орталығының дезинфекция бөлімдерімен, мұрағат қызметкерлерінің бақылауымен қызметтің бұл түріне лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалар күшімен жүзеге асырылады.

7.9.12 Қабырғаларда (едендерде, төбелерде) зеңденген тұстар болса, ол жерлердің сылағы мен сырлары алынып тасталып, орындары формалиннің 3-5 %-тік судағы ерітіндісімен өңделеді және бөлмелерді зеңденуден қорғайтын антисептиктер ерітіндісі қосылған құрылыс материалдарымен жөндеу жүргізіледі.

7.9.13 Кеміргіштерді жою санитарлық-эпидемиологиялық сараптау орталығының дезинфекция бөлімдерімен, жұмыстың бұл түріне лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалар күшімен атқарылады.

7.10 Температуралық-ылғалдылық режімі мен жарық мөлшерін бақылау үшін қолданылатын өлшеуіш құралдар:

7.10.1 Температуралық-ылғалдылық режімі мен жарық мөлшерін бақылау үшін қолданылатын өлшеуіш құралдар нормативтік құжаттарға сәйкес, сенімді және (немесе) белгіленген тәртіп бойынша аттестацияланған болуы керек.

7.10.2 Құжаттарды сақтаудың температуралық-ылғалдылық режімі ауаның климаттық параметрлері (орын-жай ішіндегі және сырттағы атмосфералық ауаның салыстырмалы ылғалдылығы мен температурасы) ылғи да бір мезгілде өлшеп отыру жолымен бақыланады:

- ауасы реттелетін орын-жайларда – аптасына екі рет;
- ауасы реттелмейтін орын-жайларда – аптасына үш рет;
- сақтау режімі бұзылған кездерде – күн сайын.

Сырттағы атмосфералық ауаның температурасы тікелей өлшенеді немесе ауа райын бақылайтын бюроның мәліметтері жазылып алынады.

7.10.3 Ауаның температурасы сынапты немесе спиртті термометрлермен өлшенеді. Олардың өлшем шәкілі 0-ден 40 °С-ға дейін көрсететін және 0,58 немесе 1°С дейін бөлінген болуы шарт.

7.10.4 Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы МВ-4 аспирациялық психрометрмен немесе ВИТ-1 және ВИТ-2 психрометрикалық гигрометрлерімен өлшенеді. Метрологиялық сипаттамалары осыларға ұқсас өзге модельді гигрометрлерді де қолдануға болады.

7.10.5 Мұрағаттарда гигрометрлерді қолдануға тек аспирациялық психрометр арқылы тексеріп, реттегеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

7.10.6 Гигрометрлерді пайдалану кезінде олардың көрсеткіштеріне аспирациялық психрометр арқылы ағымдағы және бақылау тексерулері жүргізіліп тұруы керек.

Гигрометрлерді ағымдағы тексеруден өткізу және реттеу кем дегенде үш айда бір рет мұрағат қоймаларының өзінде жүргізіледі. Мұрағатта қолданылатын және резервтік запаста тұрған гигрометрлердің бәрін бақылау тексеруінен өткізу және реттеу жылына бір рет жаз кездерінде (шілде-тамыз) микроклиматы салыстырмалы түрде тұрақты және кіріп-шығу шектеулі орын-жайларда жүргізіледі.

7.10.7 Температуралық-ылғалдылық режимін бақылау үшін қолданылатын өлшеуіш құралдары (бақылау нүктесі) жылыту және желдеткіш жүйелерінен қашық болуы керек. Оларды бір тақтаға орнатып мұрағат қоймаларының негізгі өткелдеріндегі стеллаждарға қояды.

Приборлар әрбір мұрағат қоймасына мынадай есеппен орнатылады: үстеме қабатсыз (бір ярусты) жүйедегі мұрағат қоймасының орын-жайына – бір бақылау нүктесі, үстеме қабаттыда (екі ярусты) – әр қабатқа бір-бірден қойылады. Әрбір бақылау нүктесінің өз реттік нөмірі болуы керек. Ол тақтайша мен өлшеуіш құралдарына жазылып қойылады.

7.10.8 Ауаның температурасы мен салыстырмалы ылғалдылығын өлшеу нәтижелері В қосымшасындағы үлгі бойынша арнайы журналға тіркеліп отырады.

7.11 Мұрағаттағы жарық мөлшері люксметрмен өлшенеді.

## 8 Пайдалану кезінде құжаттардың сақталуына қойылатын талаптар

8.1 Құжаттарды пайдалану, 7-бөлім талаптарына сәйкес, температуралық-ылғалдылық, жарық, санитарлық-гигиеналық режимдерді сақтай отырып жүргізілуі қажет.

8.2 Құжаттармен жұмыс істегенде мына жайттарға тиым салынады:

-құжаттарды күн сәулесі тікелей түсетін жерде ұстау;

-құжаттарды жұмыс орындарында ашық күйде, қараусыз қалдырып кету;

-құжаттарды бүлдіру, оларға белгілер, қосымша сөздер, түзетулер енгізу, белгі-қағаздар салу, қыстырғыштар қыстыру;

-құжат арасына мөлдір қағаты пластиналар салмастан құжаттан калькаға көшірме жасау, балауызға, сүргішке басылған мөрлерден және басқа түрлі де мөрлер мен штамптардан көшірмелер алу;

## ҚР СТ 1237- 2004

-жекелеген құжаттар мен құжаттардың құрамдас бөліктерін (сызбалар, фотосуреттер, маркалар және т.б.) алып қою.

8.3 Құжаттарды пайдалану кезінде орын-жайдағы жарық деңгейі мынадай мөлшерден аспауы керек:

-пайдаланушылардың құжаттармен жұмыс жүргізуі кезінде (жұмыс столдарында және оқу залында) – 100 лк;

-құжаттарды экспозициялау кезінде – 50 лк.

8.4 Құжаттарды көрмелерге экспозициялау кезінде қуаттық лампаларды қолдана отырып жасанды жарық режимін пайдалану және ол құжаттарды әйнектелген сөрелерге қою ұсынылады. Сөрелерді ішкі жарық көздерімен жабдықтауға рұқсат етілмейді. Келушілерден босаған кезде экспонаттағы құжаттар қараңғыда сақталып тұруы қажет.

8.5 Құжаттарды жаңғырту жұмыстарын атқару кезінде жарық астында құжаттардың шектеулі, технологиялық қажетті экспозициясы ғана болуы шарт.

8.6 Тозығы жеткен және бүлінген құжаттар, сондай-ақ қалпына келтіруге бөлінген істер, мәтіні өше бастаған құжаттар пайдалануға берілмейді.

## 9 Орын ауыстыру және тасымалдау кезінде құжаттардың сақталуына қойылатын талаптар

9.1 Құжаттардың орнын ауыстыру және тасымалдау жұмыстары олардың сақталуын, айнала ортаның зиянды әсерлерінен, механикалық бүлінуден қорғалуын қамтамасыз ете отырып жүргізілуі тиіс.

9.2 Тасымалдауға арналған көлік құралдары мен ыдыстар таза болуы керек. Бұрын қолданылған ыдыстар мен қаттау құралдарын пайдалануға болмайды.

9.3 Құжаттар мұрағаттың өз ішінде бірінің үстіне бірі көп қабатталып үйілмейтіндей жағдайда тасымалдануы үшін тасымал құралдары мен жүретін жолдар алдынала ескерілуі қажет.

9.4 Құжаттар бір елді мекеннің ішінде жабық автомашинада берік қатталған күйі тасымалданады.

9.4.1 Құжаттарды бір елді мекеннің ішінде жылдың жылы уағында, ауа райы құрғақ кезде (ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 30-40% аралығында) тасымалдаған жөн.

9.4.2 Жылдың жылы уағында, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы жоғары кездері (жаңбыр, тұман) құжаттардың ашық аспан астында болу сәттері мейлінше қысқартыла отырып

тасымалдануы қажет. Су өткізбейтін қаттау құралдарын (полимерлік қаптар, пленкалар) пайдалану керек.

9.4.3 Жылдың суық мезгілдерінде тасымалдағанда құжаттардың 0°C-да және одан да төмен температурада болу уақытын мейлінше шектеу қажет, мұндайда герметикалық қаттау әдістерін қолдануға болмайды. Қысқы тасымалдау кездерінде қалқаны жылытылатын жабық автокөліктерді пайдаланған жөн.

9.5 Құжаттар алыс жерлерге қатталған күйі, жабық көліктермен, бағалы жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес тасымалданады.

9.5.1 Құжаттар ағаш жәшіктерге нығыздай салынады. Жәшіктер бір қабат су өткізбейтін материалмен (полимерлік пленка немесе қосалқы қағаз) және бір қабат 100 г/м<sup>2</sup> келетін қағазбен оралады.

Құжаттарға су өткізбейтін қорғаныш жасау жағы тасымалдаудың барлық түрінде де, соның ішінде құжаттарды сақтауға арналған арнайы контейнерлермен тасымалдау кездерінде де ескеріліп отыруы шарт.

9.5.2 Құжаттарды контейнермен, артық күш түспейтіндей жолдармен жібергенде жұмсақ қаттау әдісін қолдануға болады. Жұмсақ қатталып жиналған бірнеше тасымал пакеті тақтайларға салынып, қаттамалық болат ленталармен немесе сымдармен тартып тасталады.



**А Қосымшасы**  
(міндетті)

**Істер толықтығы мен жай-күйін тексеру парағының үлгісі**

А.1 Суреті

Жоғары тұрған органның  
ресми атауы  
Ұйымның (мұрағаттың)  
ресми атауы

**№ ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ**

_____	_____	№
_____	қор істерінің (қор атауы және санаты) толықтығы және жай-күйі Тексеруді	жүргізгендер
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	(тексеру уақыты, лауазымы, аты-жөні)	_____

**А Қосымшасының соңы**

**Істердің толықтығы**

Істердің жай-күйі		Істердің жай-күйі	
1	тізімдеме нөмірі	2	тізімдеме бойынша тіркелген істер саны
3	табылмаған істер нөмірі	4	есептелмеген
5	қорытынды жазбада көрсетілмеген меген литер нөмірі	5	есепке алынған, бірақ көрсетілмеген
6	қорытынды жазбада көрсетілмеген меген, нөмірленбеген нөмірі	6	есептелмеген
7	қорытынды жазбада көрсетілмеген меген, нөмірленбеген нөмірі	7	есепке алынған, бірақ көрсетілмеген
8	қорға кате енгізілген істер шифры	8	қорға кате енгізілген істер шифры
9	уақытша пайдалануға берілген істер нөмірі	9	уақытша пайдалануға берілген істер нөмірі
10	бар істердің саны	10	бар істердің саны
11	тізімделмеген істердің уақытша шифры	11	тізімделмеген істердің уақытша шифры
12		12	
13		13	
14	залалсыздандыруды	14	залалсыздандыруды
15	дәрілеуді	15	дәрілеуді
16	кайта қалпына келтіруді	16	кайта қалпына келтіруді
17	түптеу немесе тілуді	17	түптеу немесе тілуді
18	өше бастаған мәтінді қалпына келтіруді	18	өше бастаған мәтінді қалпына келтіруді
19	қалпына келмейтін бұлғиен істер нөмірі	19	қалпына келмейтін бұлғиен істер нөмірі
20-21		20-21	
22	ескерту	22	ескерту

Жиыны: \_\_\_\_\_ іс

(цифрмен және жазбаша)

Лауазымы, қолтаңбасы, қолтаңбаның толық жазылуы

Уақыты

А3 (297x420) пішін

**Б қосымшасы**  
(міндетті)

**Мемлекеттік мұрағаттық сақтауға жататын**

**істер толықтығы мен жай-күйін тексеру актісінің үлгісі**

Сурет Б.1

Жоғары тұрған органның  
ресми атауы  
Ұйымның (мұрағаттың)  
ресми атауы

**БЕКІТЕМІН**  
Ұйым (мұрағат) басшысының  
лауазым атауы  
\_\_\_\_\_ Қолтаңбаның  
(өз қолы) **ТОЛЫҚ ЖАЗЫЛУЫ**

Уақыты

№ \_\_\_\_\_ АКТ

Жасалған жері

Мұрағаттың № \_\_\_\_\_ қорындағы  
істердің толықтығы мен жай-күйін тексеру

Осы акт мына құрамдағы комиссия төрағасы \_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

және мүшелерімен \_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

\_\_\_\_\_ сәйкес жасалды.  
(тексеру негізі)

Тексеру \_\_\_\_\_ -дан (ден) \_\_\_\_\_ дейін жүргізілді.

Тексеру қорытындысы бойынша анықталды:

1. Тізімдеме бойынша барлығы \_\_\_\_\_ іс.  
(цифрмен және жазбаша)

2. Нақты қолда жоқ істер \_\_\_\_\_  
(цифрмен және жазбаша)

3. Литерлі істер:

1) қорытынды жазбада есептелмеген істер \_\_\_\_\_ ;  
(цифрмен және жазбаша)

2) қорытынды жазбада есепке алынған,  
бірақ көрсетілмеген істер \_\_\_\_\_ .  
(цифрмен және жазбаша)

Б Қосымшасының жалғасы

4. Нөмірленбеген істер:

1) қорытынды жазбада есептелмеген істер \_\_\_\_\_  
(цифрмен және жазбаша)

2) қорытынды жазбада есепке алынған,  
бірақ көрсетілмеген істер \_\_\_\_\_  
(цифрмен және жазбаша)

5. Басқа қорға жатқызылатын істер \_\_\_\_\_  
(цифрмен және жазбаша)

6. Осы қор бойынша істер \_\_\_\_\_  
(цифрмен және жазбаша)

7. Тізімдемеге енбей қалған істер \_\_\_\_\_  
(цифрмен және жазбаша)

8. Қор бойынша барлығы \_\_\_\_\_ іс бар,  
(цифрмен және жазбаша)

оның:

1) \_\_\_\_\_ залалсыздандыруды,  
(цифрмен және жазбаша)

2) \_\_\_\_\_ дәрілеуді,  
(цифрмен және жазбаша)

3) \_\_\_\_\_ қайта қалпына келтіруді,  
(цифрмен және жазбаша)

4) \_\_\_\_\_ түптеуді және (немесе) тігуді,  
(цифрмен және жазбаша)

5) \_\_\_\_\_ өше бастаған мәтінді қалпына келтіруді қажет етеді;  
(цифрмен және жазбаша)

6) қалпына келместей бүлінгені \_\_\_\_\_ іс;  
(цифрмен және жазбаша)

7) уақытша пайдалануға берілгені \_\_\_\_\_ іс.  
(цифрмен және жазбаша)

9. \_\_\_\_\_  
(күжаттардың жай-күйі мен сақталу жағдайларына жалпы сипаттама,

\_\_\_\_\_ күжаттардың жай-күйі мен сақталу жағдайындағы негізгі келеңсіз құбылыстар)

Тексергендер:

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_ Қолтаңбаның толық жазылуы  
(өз қолы)

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_ Қолтаңбалардың толық жазылуы  
(өздерінің қолдары)

Уақыты

А 4 (210X297) пішін

ҚР СТ 1237- 2004

Б Қосымшасының жалғасы

**Ведомстволық мұрағаттық сақтауға жататын  
істер толықтығы мен жай-күйін тексеру актісінің үлгісі**

Сурет Б.1

Жоғары тұрған органның  
ресми атауы  
Ұйымның (мұрағаттың)  
ресми атауы

**БЕКІТЕМІН**

Ұйым (мұрағат) басшысының  
лауазым атауы

\_\_\_\_\_ Қолтаңбаның  
(өз қолы) толық жазылуы

Уақыты

№ \_\_\_\_\_ АКТ

Жасалған жері

№\_\_ мұрағат қорындағы істердің  
толықтығы мен жай-күйін тексеру

Бұл актіні \_\_\_\_\_ байланысты  
(тексеру негізі)

\_\_\_\_\_ құрамындағы  
(комиссия төрағасы мен мүшелерінің аты-жөні)

комиссия жасады.

Тексеру барысында мыналар анықталды:

Істер тізімдемесі бойынша \_\_\_\_\_ іс, соның ішінде  
(цифрмен және жазбаша)

\_\_\_\_\_ бекіткен істердің жиынтық  
(уәкілетті органның ресми атауы)

тізімдемесі бөлімдері бойынша \_\_\_\_\_ іс есепке алынған.  
(цифрмен және жазбаша)

2. Нақты қолда жоқ істер саны \_\_\_\_\_, соның ішінде  
(цифрмен және жазбаша)

\_\_\_\_\_ бекіткен істердің жиынтық  
(уәкілетті органның ресми атауы)

тізімдемесі бойынша есептегі істерден \_\_\_\_\_ іс.  
(цифрмен және жазбаша)

3. Дұрыс орналастырылмаған, өзге мұрағат қорына жататын  
істердің саны \_\_\_\_\_ .  
(цифрмен және жазбаша)

**Б Қосымшасының соңы**

4. Аталмыш мұрағат қоры бойынша қолда бар істердің саны \_\_\_\_\_.  
(цифрмен және жазбаша)

5. Сипатталмаған істердің саны \_\_\_\_\_.  
(цифрмен және жазбаша)

6. Мұрағат қоры бойынша барлық қолда бар істердің саны \_\_\_\_\_;  
(цифрмен және жазбаша)

олардың:

1) залалсыздандыруды қажет ететіні \_\_\_\_\_ іс;  
(цифрмен және жазбаша)

2) дәрілеуді қажет ететіні \_\_\_\_\_ іс;  
(цифрмен және жазбаша)

3) қалпына келтіруді қажет ететіні \_\_\_\_\_ іс;  
(цифрмен және жазбаша)

4) түптеп, тігуді қажет ететіні \_\_\_\_\_ іс;  
(цифрмен және жазбаша)

5) өше бастаған мәтіндерін қайта қалпына келтіруді қажет ететіні \_\_\_\_\_ іс;  
(цифрмен және жазбаша)

6) қайта қалпына келместей бүлінгені \_\_\_\_\_ іс;  
(цифрмен және жазбаша)

7) уақытша пайдалануға берілгені \_\_\_\_\_ іс.  
(цифрмен және жазбаша)

7. \_\_\_\_\_  
(Құжаттардың жай-күйі мен сақталу жағдайлары туралы жалпы сипаттама)  
\_\_\_\_\_  
(құжаттардың жай-күйі мен сақталу жағдайларындағы негізгі кемшіліктер)

Тексергендер:

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_ Қолтаңбаның толық жазылуы  
(өз қолы)

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_ Қолтаңбалардың толық жазылуы  
(өздерінің қолдары)

Уақыты

А 4 (210X297) пішін

**В Қосымшасы**  
(міндетті)

**Бақылау-өлшеу приборлары көрсеткіштерін  
тіркеу журналының үлгісі**

Мұрағат	Қабаты _____ Қойма нөмірі _____ Бакылау нүктесінің нөмірі _____	Жылыту тәсілі _____ Қоймадағы ауа айналымының сипаты туралы мәліметтер: қалаулеп жүйесі, ағынды-тартқыш желдеткіштер, табиғи ауа айналымы (керектісінің астын сызу)		
Жылы айы, күні	Ескерту <sup>xxx)</sup>			
Ауаның климаттық параметрлері		мұрағат қоймаларының орын-жайларында		
атмосфералық <sup>x)</sup>				
Температура, °С	Салыстыр-малы ылғал-дылық, %	Тұрақты ылғал-дылық, Г/М <sup>3xx)</sup>	Температура, °С	Тұрақты ылғал-дылық, Г/М <sup>3xx)</sup>
			Салыстыр-малы ылғалдылық, %	
<p><sup>x)</sup> Метеомәліметтер немесе атмосфералық ауа параметрлерін аспирациялық психрометрмен тікелей өлшеу арқылы алынған деректер.</p> <p><sup>xx)</sup> Есептеу мәліметтері</p> <p><sup>xxx)</sup> Апат жағдайлары, бакылау-өлшеу приборларын тексеру, дұрыстау, сақтау режімінің бұзылуы, оны қалпына келтірулер туралы және т.б. мәліметтер</p>				

**Г Қосымшасы**  
(міндетті)

**Библиография**

[1] Қазақстан Республикасының «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы заңы.

[2] ҚНЖЕ 3.02-02-2001 Қоғамдық ғимарат және құрылыс.

[3] ҚР ҚНЖЕ 2.04-05-2002 Табиғи және жасанды жарық беру.

[4] ҚР ӨҚЕ 08-97 Қазақстан Республикасында өрттен қорғау ережесі. Жалпы талаптар. Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің 1999 жылғы 9 шілдедегі № 19 бұйрығымен бекітілген (мемлекеттік тіркеу нөмірі 866).



---

ӘОС 002.53.004.4

МСС 01.140.20

**Түйінді сөздер:** Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қоры, қағаз негізді құжаттар, құжаттарды мұрағаттық сақтау, температуралық-ылғалдылық режим, жарық режимі, санитариялық-гигиеналық режим, құжаттардың физикалық жағдайын бақылау, құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету, өрттен қорғау, құжаттарды тасымалдау

---



**ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**Система стандартов по информации, библиотечному и  
издательскому делу**

**ДОКУМЕНТЫ НА БУМАЖНЫХ НОСИТЕЛЯХ**  
**Общие технические требования**  
**к архивному хранению**

**СТ РК 1237-2004**

**Издание официальное**

**Комитет по стандартизации, метрологии и сертификации**  
**Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан**  
**(Госстандарт)**

**Астана**

## Предисловие

**1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН** Комитетом по управлению архивами и документацией Министерства культуры Республики Казахстан

**2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ** приказом Комитета по стандартизации, метрологии и сертификации Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 05 августа 2004 г. № 219

<b>3 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ</b>	<b>2009 год</b>
<b>ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ</b>	<b>5 лет</b>

**4** В настоящем стандарте реализованы нормы Закона Республики Казахстан от 22 декабря 1998 года «О Национальном архивном фонде и архивах» и постановления Правительства Республики Казахстан от 28 мая 2002 года № 578 «Об утверждении Положения о Государственном страховом фонде копий документов»

**5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ**

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета по стандартизации, метрологии и сертификации Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан

## Содержание

1 Область применения .....	1
2 Нормативные ссылки .....	1
3 Определения .....	1
4 Общие положения .....	2
5 Требования к архивам .....	3
5.1 Требования к зданиям архивов .....	3
5.2 Состав помещений архивов .....	4
5.3 Требования к архивохранилищам .....	5
5.4 Требования к лабораторным, производственным и другим помещениям архивов .....	7
6 Контроль физического состояния документов при приеме и хранении .....	9
7 Требования к условиям хранения документов .....	12
8 Требования к сохранности документов при использовании .....	17
9 Требования к сохранности документов при перемещении и транспортировании .....	18
Приложение А Форма листа проверки наличия и состояния дел .....	20
Приложение Б Форма акта проверки наличия и состояния дел .....	22
Приложение В Форма журнала регистрации показаний контрольно-измерительных приборов .....	26
Приложение Г Библиография .....	27

**ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**Система стандартов по информации, библиотечному  
